


Менингит




Менингит дегеніміз не?

Менингит – бас және жұлын миларының қабынуымен болатын, ауыр және қауіпті жұқпалы сырқаттанушылық.



Менингиттің қоздырғыштары қандай?

- **Бактериалды менингиттің қоздырғышы** – ішек таяқшалары, менингококктар, стафилококктар, стрептококктар, клебсиеллалар;
- **саңырауқұлақты менингит** – кандидалар немесе криптококктармен шақырылатын менингит;
- **вирусты менингиттің қоздырғыштары** – эпидемиялық паротит және герпестің вирустары;
- **қарапайымдылардың қоздырғыштары** – амебиа немесе токсоплазмалар;
- **менингиттің аралас түрі** – ол қоздырғыштың бірнеше түрі.



Қабыну процесінің сипаттамасына байланысты іріңді және серозды менингит деп бөлінеді

- **Іріңді менингит** – ауыр ағымымен ерекшеленетін, бактериямен шақырылып, ірің пайда болатын сырқаттанушылық.
- **Серозды менингит** – менингиттің басқа түріне қарағанда біршама жеңіл ағымда өтетін және қабынған аймақта іріңнің болмауымен ерекшеленетін вируспен шақырылатын сырқаттанушылық.




1




2




3



4



5



6

Ең қауіпті менингит!

Менингитті қоздыратын барлық микробтарға карағанда, ең қауіптісі –

Менингококты менингит!

Ол мидың ауыр түрде зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін, ал ем жасалмағанда жағдайдың 50% өліммен аяқталады.

Менингиттің белгілері

- Барлық жұқпалы ауруларға тән белгілер, менингиттің барлық түріне де тән келеді.
- Қатты бастың ауыруы
 - үнемі бастың ауыруы;
 - бас сүйегінің іштен сыздап ауыру белгісі болады;
 - алдыға немесе артқа еңкейген кезде және оңға – солға бұрғанда бастың ауыру қарқыны жоғарылайды;
- Шүйде бұлшық еттеріне күш түседі. Үйреншікті жағдайда адам арқасымен жата алмайды, себебі қатты ауырсынуды сезінетіндіктен ол міндетті түрде басын артқа шалқайтады.
- Науқастың тамақтан толық бас тартқанына қарамастан, құсу белгісі көп реттік болады.
- Дене қызуының көтерілуі, менингитте қалтырау белгісі қатар жүреді.
- Жарықтан қорқу. Құрысу. Естен тану. Белгілі бір уақыттан кейін науқас өзіне сөйлеген адамға жауап бермейді.
- Қылый көзділік.
- Бұлшықеттің ауыруы.
- Тері бөртпесі (жұлдызша тәрізді);

Балалар мен ересектерде менингиттің белгілері

ДЕТИ / ВЗРОСЛЫЕ



ригидность
затылочных мышц



головная боль



жар



рвота



чувствительность
к свету



сонливость



боль в суставах



судороги

Адам миының қабынуына күдіктенген жағдайда тез арада ауруханаға жатқызып, емді бастау қажет, себебі менингиттің күрделі салдарлары боуы мүмкін!

Менингиттің қандай салдарлары болуы мүмкін?


- Ақыл есі төмендейді
- Көзінің көруі мен құлағының естуі төмендейді
- Паралич
- Егер медициналық ұйымға дер кезінде қаралмаса, менингит өлім жағдайына әкелуі мүмкін (аз уақыт ішінде).

Берілу жолдары

- Ауа тамшылы
 - Науқаспен немесе ауруды тасымалдаушымен қарым – қатынаста болғанда
- Тұрмыстық – қатынас арқылы
 - Тұрмыстық заттар, ыдыстар, ойыншықтарды қолданғанда
- Тағам арқылы
 - Жуылмаған жеміс – жидектерді қолданғанда
- Су арқылы
 - Ашық су көздерінде немесе қауыздарда шомылғанда

Ауа – тамшы арқылы берілуі.

Науқаспен немесе ауруды тасымалдаушымен қарым – қатынаста болған жағдайда бактерия адамнан адамға тыныс алу жолдарының немесе тасымалдаушыдан тамақтың бөліністері арқылы беріледі.



Тұрмыстық – қатынас

Тұрмыстық заттар, ыдыстар, ойыншықтар
арқылы беріледі



Тағам арқылы

Жуылмаған жеміс – жидектерді қолданғанда



Су арқылы

Ашық су көздерінде немесе қауыздарда
шомылғанда



Менингиттің алдын алу шарасы қандай?



Вакцинация

- Жоғарыда айтылғандай, менингит тек **МЕНИНГОКОККТЫ** **инфекцияны** ғана емес басқа да вирустар мен бактерияларды да қоздырады.
- Сондықтан күнтізбеге сәйкес менингитті қоздыратын қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит, тубаркулез, пневмококк және гемофильді инфекциялырға қарсы уақытылы егілу қажет.



Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды қолдану



**Ашық су көздерінде, әсіресе ағынды емес
су қоймасында шомылудан бас тартыңыз**



Қолды жуу қажет

Инфекцияны жұқтырып алмас үшін қолды мұқият жуу өте маңызды. Балаларды жиі қол жууға үйретіңіз, әсіресе тамақ ішер алдында, қоғамдық орындардан келгеннен кейін, сондай — ақ олар жануарларды ұстағаннан кейін.



Жеміс – жидектер мен көкөністерді мұқият жуу, одан кейін қайнаған сумен шаю



Менингит тіркелген жағдайда

- Адамдар көп шоғырланатын жерлерге баруды шектеу (әсіресе баламен).
- Ауызды жауып жөтелу немесе түшкіру